

*Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі
«В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі»КММ*



*Мектеп психологтарының жылдық
аналитикалық есебі*

Мектеп психологтары: Г.Тәжімағанбетова, А.К.Канатбаева

2024-2025 оқу жылы

Психологиялық қызметтің мақсаты: оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық сауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Міндеті:

- Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
- Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адагершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
- Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік-кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектеп психологының 2024-2025 оқу жылындағы жұмыстарға жылдық статистикалық есебі.

	Барлық өткізген жұмыс саны	Оқушылар мен	Ата-аналармен	Педагогтармен
Психодиагностика (топтық, жеке)	142	142	0	0
Кеңес беру (топтық, жеке)	131	54	38	39
Түзету-дамыту (топтық, жеке)	59	57	1	1
Психопрофилактика	63	34	14	15

В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектеп психологтарының 2024-2025 оқу жылындағы жұмыстарға жылдық аналитикалық есеп-талдауы.

Психодиагностикалық жұмыстар

Диагностикалық жұмыстар жылдық жоспар бойынша және оқушылардың, педагогтардың, ата-аналардың сұраныстары бойынша жүргізілді. Диангностика жеке және топпен жүргізілді. Барлық психодиагностикалық зерттеу саны – 142. Топтық зерттеулер өткізілген сыныптар, келесі әдістеме арқылы алынды

№	Әдістеме	Кіммен жүргізілді?
1	Оқушының мектепке психологиялық дайындығын анықтау К.Йирасек тесті арқылы	1а, 1ә, 1в
2	«Моншақ әдістемесі» мектепке дайындық деңгейін анықтау	Даярлық «А»,«Ә», «В»
3	Н.Г.Лусканов, Мектептік мотивация. Білім алушылардың оқу мотивациясын анықтау	5 а, 5ә, 5б, 5в
4	Г. Айзенктің тұлғаның психологиялық күйін анықтау әдістемесі	8-11 кл
5	Филлипстің мектептегі мазасыздану тесті әдістемесі	5-6 кл
6	Оқушылар бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау О. Кондаш тесті.	7 а, 7 ә, 7 б, 7в
7	Бастауыш класс оқушыларының біліктілік деңгейін диагностикалау	2-4 кл
8	«Социометрия» білім алушылардың қарым-қатынастарын анықтауға арналған	5-11кл
9	Кәсіби бағдар беру А. Голмштоктың қызығушылық картасы әдістемесі	9-11 кл
10	Ховардтың бірнеше интеллект моделін анықтау әдістемесі	8-11 кл
11	Спильбергердің мазасыздықты анықтау әдістемесі	8-11 кл
12	Жеткіншектің сыныппен қарым-қатынасын бағалау әдістемесі	5-11 кл
13	«Жануарлар мектебі» Оқу әрекетінде және сыныптастарымен, мұғалімдерімен қарым – қатынасында туындаған қиындықтарды анықтау	3-4 кл
14	С.Г.Корчагинаның « Жалғыздықты сезіну шкаласы»	8-11 кл
15	«Жаңбыр астындағы адам» проективті әдістемесі	5-7 к

Ағарту (психопрофилактика) жұмыстар

2024-2025 оқу жылында мектепте жүргізілген психопрофилактикалық жұмыстар саны - 63, оның ішінде оқушылармен - 34, мұғалімдермен - 15, ата-аналармен- 14. Кейбір шаралар оқушы, ата-ана, мұғаліммен қатар жүргізілді. Ағарту, алдын-алу жұмыстары оқушылармен бірге педагогтармен де, ата-аналармен де жүргізілді. Жалпымектептік ата-аналар жиналыстарына қатысып, баяндамалар оқылды. 1, 5 класс ата-аналарына «Бала өмірін қалыптастырудағы ата-ананың рөлі» тақырыбында ата-аналармен кездесу, «Ата-анасы баланын басты қолдаушысы», «Жасөспірімдер арасындағы буллинг, кибербуллингінің алдын алу», тақырыбында ата-аналарымен жиналыс, «Отбасындағы зорлық-зомбылықты алдын-алу.

Отбасы және бала тәрбиесі. Балалық шақты қорғау» тақырыптарында психологиялық ағарту жұмыстарын өткізілді. Қыркүйек айында жаңадан келген оқушылармен танысып, ағарту жұмыстары жүргізілді. 17.09.2024 ж. ДТЖЖО мен «Құқықбұзушылықтың алдын алу тәрбиеден басталады» тақырыбында 10-11 сынып ер балаларымен ағарту жұмыстары жүргізілді. 24.09.2024 ж. ДТЖЖО, әлеуметтік педагог, медбике, Алға ауданы полиция бөлімінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция лейтенанты Даулетова Заринаның қатысуымен 10-11 сынып оқушы қыз балаларымен. «Құқық бұзушылықтың алдын алу тәрбиеден басталады» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. 11.10.24. Буллингті алдын-алу және болдырмау мақсатында «Стоп, буллинг!» тақырыбында 7 сынып оқушыларымен ағарту жұмыстары жүргізілді. 31.10.2024 ж. «Жүрек жылуы» тақырыбында 6 сынып ата-аналарымен кездесу өтті. 05.11.2024 «Дене гигиенасы» тақырыбында 4-5 сынып оқушыларымен кездесу. 06.11.2024 «Құқықтық жауапкершілік» тақырыбында 10 сынып оқушыларымен пофилактикалық жұмыс. 07.11.2024 «Ерте жүктіліктің қауіп қатері» тақырыбында 7-11 сынып қыз балалары кездесу. 08.11.2024 «Өмірлік мотивация» тақырыбында 8-9 сынып қыз балаларымен профилактикалық жұмыс. 15.11.2024 «Баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру» тақырыбында 5 сынып ата-аналарымен ағарту жұмыстары. 6.12.2024 «Жанұя бақыты» тақырыбында 10 сынып ата-аналарымен кездесу. 15.11.2024 «Еңбегі адал- жас өрен» тақырыбында 11 сынып оқушыларымен кездесу. 12.12.2024 «Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларымен кездесу. 19.12.2024 «Ерте жүктіліктің алдын алу» 8-9 сынып қыз балалармен жұмыс. 13.12.2024 «Жанұя бақыты» тақырыбында 8 сынып ата-аналарымен кездесу. 20.12.2024 «Ер балаларға арналған психологиялық кеңес» 5-7 сынып оқушыларымен профилактикалық жұмыс. 08.01.2025 ұстаздарға арналған профилактикалық іс-шара. 21.01.2025 «Оқушылар арасында зорлық зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 8 сынып оқушыларымен кездесу. 22.01.2025 «Менің балам қандай?» тақырыбында 5 сынып ата-аналарымен ағарту жұмысы. 14.02.25 «Бала біздің болашағымыз» ата –аналар жиналысы жүргізілді. 20.02.2025 Ұстаздарға арналған тимбилдинг. 7.03.25 «Жасөспірім» 5 сынып оқушыларымен кездесу. 2.03.25. «Үш қадам» тақырыбында 5 сынып оқушыларымен пофилактикалық жұмыс. 21.04.25 «Лудамания қауіпті ауру» 8-11 сынып оқушыларымен профилактикалық жұмыс.

Психокоррекциялық жұмыстар.

2023-2024 оқу жылында жүргізілген барлық түзету-дамыту сабақтар саны - 59 .

28.10.2024 Оқушылар арасындағы буллинг, кибербуллинг, интернет бағыныштылықты коррекциялау мақсатында «Зорлық- зомбылыққа қарсымыз» атты түзету -дамыту жұмыстары жүргізілді. 06.11.2024 «Мен 5 –ші сыныптамын» тақырыбында 5 сынып оқушыларымен жұмыс. 11.11.2024 «Біз 5 – сыныпқа барамыз» тақырыбында 5 сынып оқушыларымен жұмыс. 23.12.2024 «Менің достарым» тақырыбында 5-6 сынып оқушыларымен кездесу. 16.01.2025 «Агрессиядан шығару жолдары» тақырыбында 6 сынып оқушыларымен жаттығулар жүргізілді. 28.01.2025 «Мен және менің болашағым» тақырыбында 11 сынып оқушыларымен кездесу. 21.02.2025ж. 6 -7 сынып оқушыларына арналған тимбилдинг. 12.03.2025 "Мен және менің болашағым" психологиялық қолдау сабағы аясында "Мен және менің болашағым" 11 сынып оқушыларына арналған "Өмір бойы білім концепциясы" тақырыбында онлайн форматта "Диалогтік алаң" өтті. 17.03.2025 «Мега бояу» тақырыбында 6 сынып

оқушыларымен түзету-дамыту сабағы жүргізілді. 17.03.2025 «Менің жетістіктерім» 5 сынып оқушыларымен тренинг. 4.04.2025 «Бәріміз бірдейміз, кемсітуді білмейміз» тақырыбында 5-7 сынып оқушыларымен түзету-дамыту жұмысы жүргізілді. 7.04.2025 «Буллингтің түрлері» 6 сынып оқушыларымен кездесу. 8.04.2025 «Мега бояу» тақырыбында 3 сынып оқушыларымен жұмыс. 10.04.2025 «Мен жарқын өмірді қалаймын» 7 сынып оқушыларымен кездесу. 18.04.2025 «Жанұя бақыты» тақырыбында бастауыш сынып ата-аналрымен кездесу. 22.04.202 «Менің отбасым» тақырыбанды 11 сынып оқушыларымен трансформациялық ойын. Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жыл бойы жұмыс жүргізіліп, оқушылардың танымдық белсенділігін ояту, логикалық ойлауын, қабілетін дамыту, зейін, ес процестерінің кемшіліктерін түзетіп-дамытуға, өзі туралы, өзінің әлемі туралы пікірін тереңдетуге бағытталған.

Орта буын оқушылары және жоғары сынып оқушыларымен түзете- дамыту жаттығулары сұраныс бойынша жүргізілді (жеке, топтық). Оның ішінде психологиялық тренингтер (ой қорыту, мимикалық тренингтер, сәлемдемелік хат, стресске қарсы релаксация т.б). Оқушылардың адекватты өзін бағалауы, қарым-қатынасты дамыту, когнитивті процестерді дамытуға бағытталды.

Кеңес беру журналы бойынша жұмыстар.

Кеңес беру оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың сұраныстарымен жүргізілді. 2024- 2025 оқу жылында барлық берілген кеңес саны – 131, оқушылармен – 54, мұғалімдермен – 39, ата-анамен – 38. Әрбір кеңес беру 20 минуттан 1 сағатқа дейін созылды.

Кеңес беруде қозғалған мәселелер мынадай бағытта болды:

- Мінез-құлықтық
- Эмоционалдық
- Тәрбие мәселелері
- Оқыту мәселелері
- Жеке тұлғалық мәселелер.

Барлық кеңестің жүргізілу тәртібі ақпараттық жүйеге кеңес беру электронды журналына тіркелді. Кеңес алушылар жөнінде құпиялылық сақталады.

Мектеп психологы: Г.Тәжімағанбетова
А.Канатбаева